

Түркістан облысы Қазығұрт ауданы
«Алтын сақа» бобекжай балабақшасы

25 қазан Республика куні



Тәрбиешілер: Сейдуалиева Г.
Искакова Б

25 Қазан - Республика күні

Максаты:

1. Балалардың отан, Қазақстан, туган жер туралы түсініктерін көңейту.
2. Балаларды Отанды сүюгे, еліміздің рәміздерін қастерлеуге, туган еліне деген сүйіспеншілігін аттыру.
3. Балаларды достыққа, адамгершілікке, санаалылыққа тәрбиелеу.

Ашық сабак әдісі: сұрап- жауап, әнгімелу.

Ашық сабак барысы: Ұйымдастыру кезеңі.

Сәлеметсіздерме балалар!

Күз: сәлеметсіздерме балалар!

Дендерің сау, дастархандарың мол болсын !

Мен өзім гана келген жоқпын, өзіммен бірге айларымды ерте келдім.

Тәрбиеші: Бізге қонаққа күздің кыркүйек, қазан, қараша айлары

келіпті. Осы айлар ішінен қазан айына сөз берсек.

Менің атым- қазан. Күзгі жиын-терінің сонғы айымын, еңбеккер елді той-
думанға кенелтемін.

Балалар қазан айында қандай мереке күндер барын білесіндер?

Балалар:- Ұстаздар күні,

-Карттар күні,

– Республика күні.

Тәрбиеші: Олай болса балалар! 25-қазан Республика күніне

арналған «Қазақстан – туган елім, ұлы өлкем» атты ұйымдастырылған іс-
әрекетімізді бағастаймыз.

Хор: Эңұран.

Тәрбиеші: Балалар арайлаған таңды сүйетін кім?

-Мен

Алтын сәулені сүйетін кім?

-Мен

Жарын даланы сүйетін кім?

-Мен

Ата-ананы сүйетін кім?

-Мен

Досын сүйетін кім?

-Мен

Болашагы елімнің кім?

-Мен

Кәне балалар Отан деген не?

Адамның туып өскен жері, туган-туыскандары, біз тұратын атамекен.

Балалар біздің отанымыз қалай аталады?

-Біздің отанымыз Қазақстан.

Еліміздің бас қаласы қалай аталады?

-Біздің бас қаламыз Астана

Біздің Президентіміз кім?

Еліміздің қандай рәміздерін білесіндер?

Ту, Әнұран, Елтаңба.



Балалар біздің елімізде көп ұлт өкілдері тұрады, кәне соларды атап айтайықшы: орыстар, өзбектер, қыргыздар, татарлар, немістер.

Иә балалар дүрыс айтасындар әр түрлі көп ұлт өкілдері бір шаңырақ астында тұрады еkenбіз.

Балалар кәнекей әр ұлт өкілдері бір шаңырақ астында қалай тұратынын киіз үй құрып көрсетейік.

Кәне, кәне тұрайық, Сол қолымды көтердім,

Киіз үй біз құрайық. Уықты мен көтердім.

Оң қолымды көтердім, Киіз үйді тұрғыздық,
Уықты мен көтердім Жұмысты біз тындырыдык.

Балалар Қазақстан туралы өлеңдер оқып, жақсы макал-мәтелдер айту, елімізді, жерімізді мадактау бүгін біздің еншімізде. Ендеше өнерім ортага салайык.

Зейнеп: Арыстандай айбаттым.
Жолбарыстай қайраттым,
Аспандаған байрақтың
Қанша жұлдыз жайнаттың

Раяна: Күнді құшқан қос қыран,
Аясында қалқыған.
Аспан тұсті туым бар,
Көк теңіздей шалқыған.

Мөлдір: Өзіндікі туында,
От пен ауа, сүйн да.
Жаса Қазақстаным,
Белді бекем буында.

Омар: Отан от басынан басталады.
Отан оттан да ыстық.

Хор: Менін Отаным

Анелья: Жаса жаңа Астанам
Өркен жая бастаган
Болашақтың есейін
өз қолыммен аш маган.
Айзере: Бұлт баспасын күнімді
Тарлылмасын өрісін
Білк үстәу туымды
Қасиетті борышым.

Мейірхан: Заман жаңа заң жаңа,
Күнімдің кең дала.
Өз Астанам өз ордам,
Сүйкіндерім сенінде.

Рауан: Сәүле шашқан алтын түсті күні бар,
Екпіндеген қыран құсты үні бар.
Ою басқан мөп-мөлдір көк аспандай,
Қазагымның желбіреген туы бар.

Хор: Қазақстан жалауы.

Самалбек: Отан деген атамекен
Отан деген тұған жер.
Отан ана, Отан үлкен
Қазақстан тұған ел.

Бағлан: Өзге елде сұлтан болғанша,
Өз елінде ұлтан бол.

Сұлтанбек: Тұған жердей жер болмас
Тұған елдей ел болмас



Балалар енди «Ғажайып қоржын» ойынын ойнайық.

Қоржын ішіне жасырылған сұрақтарға жауап беру.

Балаларды мадактау.

-Балалар! Біздің Отанымыз – Қазақстан Республикасы екен. Отансыз адам болмайды. Отанымыз көркейіп, гүлдену үшін біз көп еңбектенуіміз керек. Еңбектену дегеніміз білімді, тәртіпті болуымыз.

Енді балалар тәрбиеленіп жатқан бала бақшамыз туралы
Такпақ айтып жіберейік.
Бала бақша есігін,
Үшке тола ашқанбыз.
Балапандай өсіріп
Мәпелейді бақшамыз.

Корытынды: Байтак дала жерім менің
Арта берсін даңқың сенің
Көк байрағың желбіресін
Егеменді елім менің – дей отырып,
Құрметті конактар, балалар осымен Республика құніне арналған
«Қазақстан-туган елім, ұлы өлкем» атты ұйымдастырылған іс-әрекетімізді
аяқтаймыз.